

# Колледж ханзадасы мен ханшайымы анықталды

Елдің ертеңі күнгі тұтқасы болар сапалы білім мен саналы тәрбие нәріне сусындаған жастарды тәрбиелеу бүгінгі ұстаздардың ұстазының ғана қолынан келер шаруа. Ұстаз - шәкірттерінің жақсысын асырып, жетпегенін жетістіріп, шалыс басқан қадамына кешіріммен қарай жүріп, өмірдегі ең дұрыс бағыттарға жол салар ардақты есім. Шәкірт тәрбиесінде асқақ ойымен, мейірімді мінезімен, өз шәкіртін биік белестерге жетелеген ұстаздар баршылық. Ұлылар салған ұлағатты істі жалғастыру мәселесі бүгінгі ұстаздар еңісіндегі шаруа. Осындай ауқымды мәселелер төңірегінде еңбекқорлықпен жұмыс жасайтын Торғай аграрлық-техникалық колледжінің ұстаздар қауымы шәкірттер жүрегіне жылдылық ұялатудан ешқашан шаршап-шаддыққан емес. Жұырда аялшын тілінің оқытушысы Әсем

Бақытқызының ұйымдастырып өткізген «Колледж Ханзадасы мен Ханшайымы» байқауы осының айғағындай. Аталмыш байқауға колледждің әр саладағы мамандыққа білім алатын студенттері жоғарғы дәрежедегі дайындықтарымен қатынасты. Байқау төмендегідей кезеңдерді қамтыды: Өзін таныстыру, өз өнерін көрсету, қол өнері, сән үлгісін көрсету, спорт сайысы.

Байқау барысында әр топ студенттері таныстыру сәтін видео көрсетілімдермен толықтырып, қазақ салт-дәстүрімен көрерменге өздерін өлең шумақтарымен таныстырды. Өз өнерлерін көрсетуде топ студенттерінің қолпаштауымен әр ұлттың биіктерін бітесе, кейбір топ студенттері сахналық көріністермен көркін жігітті. Қол өнері бөлімінде қыз балалар өздері дайындаған тағам түрлері мен қол өнер бұйымдарын қалай жасаға-



нын баяндап көрсетті. Сән үлгісін көрсетуде кешкі киім үлгілері, офистік киімдер және әр түрлі пакеттерден, қағаз қиындаларынан

тігілген «Авангард» көрсетті. Ер балалар спорттық сайыста тір көтеру бойынша сынға түсіп, жүйріктің жүйріктері анықталды. Байқау

қортындысы бойынша жүлделі үшінші орынды TO-11 спец тобының студенттері Мүсіркеп Қанаг пен Серікбайқызы Альбина еншіледі. Екінші орын M-11 тобының студенті Ермолова ВИАЛЕТТАБАҒҰЙЫРСА, бірінші орынға M-21 тобының студенті Бекжан Бауыжановаға лайық деп табылды. Колледж ханзадасына Ф-11 тобының студенті Ералнев Сағадат лайық болса, ханшайымы атағына M-31 тобының студенті Балғабай Айзана не болды. Байқау соңында колледж басшысы Айгүл Қуанышбайқызы студенттерді арнайы аяғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарымен марапаттап, алдағы уақытта табыс биігінен көріне берудеріне тілектестік білдірді. Осындай игі шаралар әлі де өз жалғасын таба берей.

**Бағила БАЛМАШЕВА**  
Торғай аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы